N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES
ISSN 2224-526X
Volume 1, Number 37 (2017), 168 – 171

M. Zh. Pazylbekov[1], G. A. Kulmanova[1], S. Zh. Asylbekova[2]

[1]Kazahsky national agrarian university, Almaty, Kazakhstan,
[2]LLC "Kazakh Research Institute of Fisheries", Kazakhstan

SOME INFORMATION ABOUT THE NILE TILAPIA

Abstract. This article provides information about the Nile tilapia (*Oreochromis niloticus*), as well as materials from the literature for its cultivation in vitro and industrial purposes
Keywords: migration, aquaculture, pond, female, male, caviar.

ӘОЖ 597

М. Ж. Пазылбеков[1], Г. Ә. Құлманова[1], С. Ж. Асылбекова[2]

[1]Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан,
[2]«Қазақ балық шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС, Қазақстан

НІЛ ТИЛЯПИЯСЫ (*Oreochromis niloticus*) ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР

Аннотация. Қазақстанда аквакультураның барлық бағыттарын дамытуға мүмкіншілік бар. Балық шаруашылықтық сулар қоры елімізде жеткілікті және балық шаруашылығы мен балық аулауды қарқынды дамытуға қолайлы жағдай да бар. Еліміздің балық шаруашылықтық суалабтарының құрамына Каспий теңізі акваториясының біршама бөлігі және Арал теңізі, Балқаш көлі, Алакөл көлдер жүйесі, Бұқтарма, Қапшағай, Шардара және жергілікті маңызға ие суқоймалар кіреді. Каспий теңізін қоспағанда су көздерінің жалпы ауданы 5 миллион гектарды құрайды.
Түйін сөздер: өрістеу, аквакультура, тоған, аналық, аталық, уылдырық.

Кіріспе. Ніл тиляпиясының (Oreochromis niloticus) отаны – шығыс Африка. Ніл тиляпиясы өзінің тез өсетіндігі мен қоректі, температураны, судағы оттегі мөлшерін көп таңдамайтындығымен, өсуге және көбейуге қабілеттігімен, тұщы және тұзды суда тіршілік ете алатындығымен бірқатар Оңтүстік Шығыс Азия, Оңтүстік Американың солтүстігіне, Австралияға, Израилге, Кореяға, Жапонияға балық өсіру шаруашылықтарына және басқа бірқатар елдерге, бұрынғы КСРО-ның оңтүстігіне, сол сияқты салқындатқыш – бассейіндерге, акклиматизацияланған. Ніл тиляпиясының жыныстық деморфизмі анық көрінеді, аталығы ашық түсті және аналығынан ірі, арқа және аналь қанаты үшкірлеу, арқа қанатының шеті қызыл, құйрығының жұмырланып келген шеттері қоңыр – қызғылт. Тіршілікке төзімді. Қоректің барлық түрімен қоректенеді [1].

Жоғарыда аталғандай өзіндік ерекше қасиеттеріне байланысты ніл тиляпиясы аквариумда әуестік өсіруден бастап кең ауқымда кәсіптік тауарлы мақсатта өсіруде дүние жүзі бойынша таралған. Ніл тиляпиясы табиғи жағдайда малярия масасының дернәсілімен қоректеніп биологиялық мелиоратор қызметінде атқарады [2].

Сиымдылығы 100 литр бассейн Т = (төменгі шегі 8^0С- тұзды суда), жоғарғы шегі -37,-41^0С (Қолайлы 28-30^0С). Судың химиялық құрамына төзімді: dH -25 дейін; pH 7,0-7,2 (8,5). Қолайлы су температурасының диапазоны 22-30^0С, бірақ мозамбик тиляпиясын 15,5^0С температурада өсіруге болады; бұдан төмен температурада ніл тиляпиясы қоректенуін тоқтатады; температура 12^0С болғанда қауіпті, ал 9^0С өлім туғызады.